**Сүгірбекова А.І.**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Саралау тапсырмалары
## V сынып

______________________________________

*№* ____________________________________

_______________ *сынып оқушысы*

______________________________________

*қ а з а қ т і л і  п ә н і н е н*

*жеке оқушымен жұмыс дәптері*

***5-сынып. Қазақ тілі***
***Саралау тапсырмалары***

| № | Мазмұны | Мерзімі |
|---|---|---|
| 1 | Сөз бен мағына | 1 |
| 2 | Сөз бен мағына | 1 |
| 3 | Сөздің тура және ауыспалы мағынасы | 1 |
| 4 | Сөздің тура және ауыспалы мағынасы | 1 |
| 5 | Көп мағыналы сөздер | 1 |
| 6 | Омоним | 1 |
| 7 | Синоним | 1 |
| 8 | Антоним | 1 |
| 9 | Табу | 1 |
| 10 | Эвфемизм мен дисфемизм | 1 |
| 11 | Эвфемизм мен дисфемизм | 1 |
| 12 | Тұрақты сөз тіркестері | 1 |
| 13 | Мақал-мәтелдер | 1 |
| 14 | Сөздік қор және сөздік құрам | 1 |
| 15 | Көнерген сөздер | 1 |
| 16 | Жаңа сөздер | 1 |
| 17 | Жалпылама лексика | 1 |
| 18 | Кірме сөздер. Диалект сөздер | 1 |
| 19 | Кәсіби сөздер | 1 |
| 20 | Термин сөздер | 1 |
| 21 | Тіл дыбыстары | 1 |
| 22 | Қазақ Әліпбиі | 1 |
| 23 | Дауысты дыбыстар | 1 |
| 24 | Дауысты дыбыстар | 1 |
| 25 | Буын | 1 |
| 26 | Тасымал | 1 |
| 27 | Үндестік заңы | 1 |
| 28 | Буын үндестігі | 1 |
| 29 | Дыбыс үндестігі | 1 |
| 30 | Орфография мен орфоэфия | 1 |
| 31 | Екпін және оның түрлері | 1 |
| 32 | Екпін және оның түрлері | 1 |
| 33 | Сөзжасам | 1 |
| 34 | Сөзжасам | 1 |

## 1.СӨЗ БЕН МАҒЫНА

*1.Берілген сөздерді мағыналық жақындығына қарай топтап жазып, мағынасын түсіндір.*

Қарағай, қозы, шырша,дәптер, тоқты, қарындаш, қайың, саулық, қағаз.

*2.Қартайып барып, қайта жасарған сөзді тауып, осы сөзге мәтін құра.*

Әділдігі болмаса, әкім ит.
Ақылсыз болса әйел ит.
Аяңсыз болса атың ит.

*(«Шешендік сөздер»)*

*3.Қазақ тілі туралы айтылған ғұламалардың пікірін жаз.*

*Тіл мәртебесі - ел мәртебесі.*

## 2.СӨЗ БЕН МАҒЫНА

1.*Төмендегі сөздерге синоним сөздер жаз.*

Бауыры, тәртіпті, зерек, сымбатты.

*2. Төмендегі сөздер қандай мағына беріп тұр?*

Түу! Ойбай-ай! Құдай-ай! Обал-ай!

*(І.Жансүгіров)*

*3. «Гүл көктем» деген тақырыпқа өлең шығар.*

## 3. СӨЗДІҢ ТУРА ЖӘНЕ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАСЫ

*1.Төмендегі өлеңдегі ауыспалы мағынада тұрған сөздердің астын сыз.*

Мен біткен ойпаң жерге алма ағаш
Емеспін жемісі көп толд
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі —
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!

Тамшылап көзден аққан бұл суық жас,
Балқытып қашан ерітер жүректі тас?
Қаламнан жылап аққан қара бояу,
Жазылып қағазға, сен жұртқа қыл паш.*(М.Дулато*

*2. Сырым Үргеніштің ханына барып, жүз көріс қылған, хан Сырымның атағын сырттан: «Қазақтың өзі шешен кісісі» деп есітеді екен. Хан Үргеніш шешені мен Сырымды айтыстырыпты.*
Үргеніш шешені:
Сөз анасы не?
Су анасы не?
Жол анасы не? - деп сұрайды.
*(«Шешендік сөздер»)*

*Сырымның орнына жауап бер.*

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

*3. «Тапқырлық — шешеннің бағалы қасиеті» деген тақырыпқа шағын шығарма жаз.*

Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілін білмеуі не шала білуі мені қатты қынжылтады. Бұған ең алдымен ата-ана кінәлі. *(Б.Момышұлы)*

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

## 4. СӨЗДІҢ ТУРА ЖӘНЕ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАСЫ

*1.Тура және ауыспалы мағынада тұрған мақал-мәтелдерден мысал келтір және олардың мағыналарын түсіндір.*

*2. Мына тіркестердің тура жгне ауыспалы мағыналарын тауып жаз.*

Суық су, суық жер, суық жел, суық адам, суық торғай, суық хабар. Алтын жүзік, алтын қыз, а ақша, алтын күз, алтын бесік. Таза үй, таза жер, таза бала, таза жүрек, таза еңбек, таза салмақ.

*3.Жұмбақтың шешуін тап. Шешуінің тура және ауыспалы мағынасына байланысты мәтін құра.*

Біз, біз едік, біз едік,
Біз жылтыраған қыз едік,
Таң атқанша жайылдық,
Таң атқан соң жойылдық.

## 5. КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР

*1.Мақалдан көп мағыналы сөздерді тап және мағыналарын түсіндір.*

Отбасы толған жансың,
Бір-біріңе мейман жансың.

*2. Сөз тіркестерін тура, ауыспалы, көп мағыналарына қарай ажырат.*

Аттан түс, түс кезі, түскі ас, түс көрді, таудан түсті, жайлаудан түсті, оқиға түсті, түсі бұзылды, ақ түсті, түсі өзгерді, ойына түсті, түсі жылы, түстен кейін, түс ауа.

*3. «Туған жер» атты тақырыпқа мәтін құра және туған жерге байланысты өлеңдерден мысал келтіре отырып жаз. Ішіндегі көп мағыналы сөздердің астын сыз.*

*Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті.*

## 6. ОМОНИМ

*1.Омоним болатын сөздері бар өлең шумақтарын жаз.*

*2. Қазақстанда омоним болатын қандай қаланың атын білесің? Мысалмен дәлелде.*

*3. Төмендегі сөздерден омоним болатын сөздерді тап және сол сөздерге мәтін құра.*

Кілем, газет, жылқы, шұбат, айт.

## 7. СИНОНИМ

*1.Көп нүктенің орнына синоним болатын сөздерді қой.*

Жанбосын екеуміз өш, _______________ едік.
*(Б. Соқпақбаев)*

Орта бойлы, орта жасқа келген, семіздеу, қызыл шырайлы бәйбіше, қаһарлы, ___________________ түрмен өзен жаққақарап тұр.
*(Б.Майлин)*

Айбарлы, __________________ сұлу сымбатты, тосын көзді өзіне сұқтандыра түсті.

*2 Төмендегі сөздерге синоним және омоним болатын сөйлемдер құра.*

Жастық, ат, қою, жеңіл, бас.

______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________

*3.Синонимдерді қатыстыра отырып, «Егеменді Казақстан» атты ойтолғау жаз.*

______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________

## 8. АНТОНИМ

*1.Мақал-мәтелдердің антоним болатын жалғасын тап.*

а) Жылай-жылай арық қазсаң,
.................................................

ә)Дос жылатып айтады,
..................................................

б) Ұсталы ел озар,
..................................................

*2. Өлеңдегі антонимсөздерді тауып, осы сөздерді тақырып етіп, ойтолғау жаз.*

Аласаны атқа санама,
Жақсыны жатқа санама.
Бір сынаған жаманды
Екіншілей сынама.
*(Ақтайлақ шешен)*

____________________________________________________________________________
____________________________________________________________________________
____________________________________________________________________________
____________________________________________________________________________
____________________________________________________________________________
____________________________________________________________________________
____________________________________________________________________________\\

*3. Мәтіндегі сөздерден синоним, омоним, антонимдерге мысалдар жаз.*

Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігі мыңдаған жыл тарихында айкындалған. Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілін білмеуі, не шала білуі мені қатты қынжылтады. Бұған ең алдымен, ата-ана кінәлі. *(Б.Момышұлы)*

____________________________________________________________________________
____________________________________________________________________________
____________________________________________________________________________
____________________________________________________________________________
____________________________________________________________________________

**9. ТАБУ**

*1.Табу сөзі бар ауыз әдебиеші жырларынан мысал жаз және неге солай атағанын айт.*

*2.Сөйлемнен табу сөздерін тап және олардың кімге, неге айтылғанына талдау жаса.*

Сылдыраманың ар жағында, сарқыраманың бер жағында, маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен, білемені жанымаға білеп-білеп, бауыздап келдім.

*3.Мәтін қай ертегіден үзінді? Ішінен табу сөзін тауып, өзің ертегі құрап жаз.*

- Бикеш-ау, күйеу таңдаймын деп, сен де жұртты басындырып болдың-ау! Адам көргісіз бір жаман кісі сенде жұмысым бар дейді. Сенен ол дәме етіп келген білем! - деп қалжыңдады.

*Тіл ақылдың - өлшемі.*

## 10.ЭВФЕМИЗМ МЕН ДИСФЕМИЗМ

*1.Ауыз әдебиетінен табу, эвфемизм, дисфемизмге мысал келтір.*

*2.Өлеңнен дисфемизмді тауып, дисфемизмді эвфемизмге айналдырып жаз.*

Шіркіннің сөйлер сөзге тасуын-ай,
Аруағы алдиярдың басуын-ай!
Ханымның мұрны кейкі, бойы аласа,
Келбеті мегежіннің кашырындай.
Көк иттей күшіктеген құнжың қағып,
Жататын шығар тыр-тыр қасынып-ай.
Тұрпаты ит, шошқадан былай емес,
Байеке, көргенімді жасырдым ба-ай!?
*(Шернияз Жарылғасұлы)*

*3. « Тіл - халықтың жаны, кескін-келбеті» атты тақырыпта ойтолғау жаз.*

*Ішімдегінің бәрі тілімде, тілімдегінің бәрі түрімде.*

## 11. ЭВФЕМИЗМ МЕН ДИСФЕМИЗМ

*1.Дисфемизмге сөз тіркестерінен мысалдар жаз.*

***Үлгі:*** *албасты басты, ант ұрған.*

*2.Антонимнен эвфемизм мен дисфемизмнің айырмашылығы неде? Мысалдар келтір.*

*3. «Өнер алды – қызыл тіл» деген тақырыпқа шағын шығарма жаз.*

*Жақсы тауып айтар, жаман қауып айтар.*

## 12. ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

*1.Төмендегі тіркестерге антоним болатын тіркестер тауып жаз.*

Мұрнын көкке көтерді, қырық пышақ болды, жер-көкті басына көтерді, жер-көкке сыйғызбады, жұмған аузын ашпады.

*2. Ішінде мына сөздер бар тұрақты тіркестерді жаз.*

Көз, қол, жер, ит, ауыз, тістеді, шаш.
*Үл г і:      ашық ауыз.*

*3. Өлеңдегі тұрақты тіркестерді тауып, мағыналарын түсіндір. Өлең кімдікі? Тұрақты тіркестерді қатыстыра авторы туралы жаз.*

Қырық пышақпен қыржаңдап тұрған түлкі,
О да осал жау емес қыран паңға.

*Ашынған тілді болар, ашыққан ұры болар.*

## 13. МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

*1.Бір-біріне антоним болатын мақал-мәтелдер жаз.*

*2.Төмендегі сөздер бар мақал-мәтелдер тауып жаз.*

Жақсымен, асың, жылы, корқытады, көл, бөрік, екі, дос.

*Үл г і:* *Естіген екі сөз де жетіп жатыр.*

*3.Кері тәрбие беретін мақал-мәтел бар ма? Болса тауып жаз және осы туралы пікіріңді айт.*

*Көнектей басыңа шүмектей тілің жау.*

## 14. СӨЗДІК ҚОР ЖӘНЕ СӨЗДІК ҚҰРАМ

*1.Мәтінде сөздік қор көп пе, сөздік құрам көп пе? Мәнісін түсіндір.*

Мағжанды сүйемін. Еуропалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Еуропадағы мәдениет пен сұлулық арасына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп сезгендей боламын.
*(М. Әуезов)*

*2. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі сөздік қорды теріп жаз, сөздік қордың сөздік құраммен байланысын және айырмашылығын осы өлеңдегі сөздер арқылы дәлелде.*

*3.«Қазақстанның рәміздері» атты тақырыпта мәтін құра. Мәтіндегі сөздерді сөздік құрамның түрлеріне қарай бөліп жаз(термин, диалог, кәсіби сөз, кірме сөз, жаңа сөз).*

*Тіл жүйрік емес, ой жүйрік.*

## 15. КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР

*1.Көнерген сөздері бар мақал-мәтелдер жаз және көнерген сөздің қай түрі екенін ажырат.*

*2.Көнеріп барып қайта жаңарған сөздерді жаз. Жаңару себебін түсіндір.*

*3.«Әкім» сөзі көнерген сөздің қайсысына жатады? «Әкім» сөзіне байланысты мәтін құра.*

*Аузы құлып сандықты тіс ашпаса, тіл ашады.*

## 16. ЖАҢА СӨЗДЕР

*1.Көнерген сөздің негізінен қайта тіріліп, жаңарған сөздерді ата.*

***Үлгі:*** *төре – төреші*

*2. Жаңа сөздер қанша түрлі жолмен пайда болады? Мысалдармен дәлелдеп жаз.*

*3.Жаңа сөздерді қатыстыра отырып, «Қазақтың тұңғыш ғарышкері» туралы мәтін құра. Ішіндегі жаңа сөздердің астын сыз.*

## 17. ЖАЛПЫЛАМА ЛЕКСИКА

*1.Абай өлеңдеріндегі кірме сөздерді тауып жаз, қай тілден кіргенін айт және олардың синонимдерін тап.*

*2.Төмендегі сөздерден кірме сөзді бөлек, диалект сөзді бөлек, жалпылама лексиканы бөлек жаз.*

Зор, үшек, жозы, мырыш, екі, он, жаз, шалбар, бөтелке, қамыт, агроном, бөшке, кір әтешкер, бігіз.

*3.«Менің сүйікті жазушым» атты тақырыпқа мәтін құра. Ішінен жалпылама лексиканың астын сыз.*

*Ми ойлағанды тіл тындырады.*

## 18.КІРМЕ СӨЗДЕР. ДИАЛЕКТ СӨЗДЕР

*1.Ішінде кірме сөздері бар мақал-мәтелдер жаз және мақал-мәтелде не себептен кездесетінін түсіндір.*

***Үлгі:*** *Адам бақыттын қонғанын білмейді, ұшқанын біледі.*

*2. Фонетикалық ерекшеліктері бар диалект сөздерді жаз.*

*Ү л г і:* *бұяқ-бұлжақ, маңлай-маңдай.*

*3. «Ырыс алды - ынтымақ» деген тақырыпқа мәтін құра.*

## 19. КӘСІБИ СӨЗДЕР

*1.Қолөнершілікке және ауыл шаруашылыгына байланысты кәсіби сөздер жаз.*

*2. Кәсіби сөздер жаз және кәсіби сөздерге байланысты жұмбақ шығарып көр.*

*3.«Біздің Байқоңыр» атты тақырыпқа ойтолғау жаз.*

## 20.ТЕРМИН СӨЗДЕР

*1.Мәтіндегі терминдерді тап және терминдердің жасалу жолдарын түсіндір.*

Жезқазған аймағының экологиялық ахуалы мәз емес. Екі бүйірден Байқоңыр ғарыш аймағы мен Семей полигоны қыспаққа алып тұр. Ғарыш кемелерінің техникалық бөліктері мен атом қалдықтары - тептил көктен түсіп, жерді уландырып, ластап жатыр. Семей полигоны радиактивтік заттарды төңірекке сіңірді.

*(Ф.Темереева)*

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

*2.Мәтіннен термин сөздерді тап және аталған жерлер туралы білгеніңді жаз.*

Қолдан тоқылған жүн орамалға қанша оранса да, дірдектеп тоңып тұрған. Іңкамал апай географиясабағында Индия жағалауларына жақын жердегі ғажайып Цейлон аралы туралы әңгіме айтып тұр.Мектеп картасында Цейлон құрлықтың емшегінен шалқар мұхитқа абайсыз тамып кеткен бір тамшы ғана сияқты. *(Ш. Айтматов)*

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

*3.Термин сөздерді қатыстыра отырып, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты шағын шығарма жаз және терминдерді жазылу түріне қарай ажырат.*

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

## 21. ТІЛ ДЫБЫСТАРЫ

*1.Төмендегі сөздерге тиісіпі дыбысты қой және сол сөздерге синоним сөздер жаз.*

Үл...ілі, е...еу, қай...р, пә...ер, қор...ақ, жо...ары, мейірі...сіз, м...йдан.

*2. Мәтіндегі сөздерді әліпби тәртібімен жаз және үш, бес санына арналған асыл сөздер жаз.*

Үш жамандық:

1. Нақақ қан төгу
2. Кісі малын нақақ алу
3. Ата-бабадан калған ескі жұртты бұзу.

*3.Қазақ әліпбиінің авторы туралы мәтін құра.*

## 22.ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

*1.Тіл туралы мақал-мәтелдер жазып, қанша дыбыс, қанша әріп барын айт.*

*2.Қазақтың төл сөзінде кездеспейтін дыбыстарды және қазақ тіліне тән дыбыстарды жаз. Оларды мысалмен дәлелде.*

*3. «Желтоқсан желі» деген тақырыпқа шығарма жаз.*

*Тілі өлген ел – тірі өлген ел.*

## 23. ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

*1.Екі шумақ өлең жазып, ішіндегі еріндік дауыстылардың астын бір, езулік дауыстылардың астын екі сыз.*

*2. Дауысты дыбыстарға жұмбақшығар.*

***Үлгі:**Көкте бар,*
*Жерде жоқ.*
*Көзде бар,*
*Қолда жоқ. [Ө]*

*3. «Жеті жарғы» ережесі туралы не білесің?*

*Құр судан май шықпайды, Құр сөзден мән шықпайды.*

## 24. ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

*1.Тұрақты тіркестерді жазып, мағынасын түсіндір және қатаң дауыссыздардың астын бір, үнді дауыссыздардың астын екі, ұяң дауыссыздардың астын ирек сызықпен сыз.*

______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________

*2.Бірде дауысты, бірде дауыссыз болатын дыбыстарды жаз және мысалдармен дәлелде.*

______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________

*3. «Алматы - алманың атасы» деген тақырыпқа шағын шығарма жаз.*

______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________

## 25. БУЫН. ТАСЫМАЛ

*1.Тек бітеу және ашық буыннан тұратын сөздерді жаз.*

***Үлгі:*** *бар, тоқ, дала, ана.*

______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________

*2.Мәтіндегі сөздерді буын түрлеріне қарай талда.*

Өзінің жазба сөзін саналы түрде және еркін пайдалану үшін, алдымен басқалардың жазба сөзіне түсіне білу өте қажет. Баланың сөз қоры жеткілікті болғанда ғана, өз пікірін айтып, басқалардың сөздерін дұрыс ұға алады.

*(Т.Тәжібаев)*

______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________

*3. «Егеменді Казақстан» атты тақырыпқа шағын шығарма жаз.*

______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________

*Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі.*

## 26.ТАСЫМАЛ

*1.Төмендегі сөздерді тасымалдауға бола ма? Тасымалданса қалай тасымалдайсың?*

*Электр, станция, ансамбль, вольт.*

*2.Тасымалдауға болмайтын сөз түрлерінің барлығын жаз.*

*3. «Менің қалам» деген тақырыпқа мәтін құра. Мәтіндегі сөздерден тұйық буынды және тасымалдауға болмайтын сөздерді тап.*

## 27. ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

*1.Жуан буынды сөзді бір бөлек, жіңішке буынды сөзді бір бөлек, аралас буынды сөзді бір бөлек жаз  және мысал келтір.*

Аймақ, жұмыс, Кішітау, бүйір, Жезқазған, геометриялық, қазіргі, сал-сері, географияда, оңтүстік, кездесулер, қыз-келіншек.

| *Жуан буынды сөз* | *Жіңішке буынды сөз* | *Аралас буынды сөз* |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

*2.Төмендегі сөздерге қосымша жалғап жаз.*

Фильм, руль, альбом, киоск, повесть, грамм, конспект, табель, банк.

*3.«Мұсылманның бес парызы» деген тақырыпқамәтін құрап, ішінен басқа тілден енген сөздерді тауып, оның буынүндестігіне байланысты ерекшелігін түсіндір.*

*Жүйелі сөз — Жүйесін табар; Жүйесіз сөз — Иесін табар.*

## 28.БУЫН ҮНДЕСТІГІ

*1.Отан туралы мақал-мәтелдер жаз және олардың мағынасын түсіндір.*

Жуан дауысты сөздерді бір бөлек, жіңішке дауысты сөздерді бір бөлек жаз.

*2.Төмендегі сөздерден буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды тап.*

Мектептің, жүрекпен, түнімен, асхана, бейнет, сіңілімдікі, бикеш, арызқой, жалақор.

*3.«Жазғы кеш» деген тақырыпқа шағын мәтін құра.*

*Тілден тілдің кеңдігі болғанымен, кемдігі жоқ.*

## 29. ДЫБЫС ҮНДЕСТІГІ

*1.Түбір мен қосымша, біріккен сөз, сөз тіркестері аралығындағы ілгерінді ықпалға мысалдар жаз.*

*2. Ана туралы бір шумақ өлең шыарып, оны буын үндестігіне қарай талда.*

*3. Киелі сандар туралы асыл сөздерді жаз.*

*Жақсының сөзі Өлшеп, пішкендей, Жаманның сөзі Түйеден түскендей.*

## 30.ОРФОГРАФИЯ МЕН ОРФОЭПИЯ

*1.Сөз тіркестерінің аралығындағы ілгерінді және кейінді ықпалды тап.*

Атың кім? ақ лақ, әкеп бер, сақ бол, көк аспан, көз сал, он бес, төрт қанат.

*2. Мәтінді буын және дыбыс үндестігіне қарай талдап шық.*

Дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдансаң, дәріге пысқырып та қарамайсың. Дене шынықтыру жаттығулары әр адамның жасына, әл-қуатына сәйкес әрқилы болу қажет. Орта жастағыларға салт атпен қыдыру тиімді болса, күш-қуаты кеміген кекселерге жаяу жүргені пайдалы. Сондай-ақ бозбалаға қолайлы тағам қарттарға зиянды болуы ықтимал. *(Ибн Сина)*

*3.Жұмбақтың шешуін тап және шешуінің атына байланысты шағын мәтін жаз.*

Тігуге де ыңғайлы,
Жығуға да ыңғайлы.
Көп қанатты мекен-жай.

## 31. ЕКПІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

*1.Мақал-мәтелден мысал жазып, мағынасына байланысты түсінік бер және ішіндегі тірек екпінінің атын жаз.*

*2.Мәтіндегі сөздерді барлық екпін түрлеріне қарай талда және мәтіндегі пікірге өз көзқарасың туралы жаз.*

Біреудің жақсы ісін көрсең, оны ардақтай біл, күнәліні кешіре біл... Өзің де, өзгеге де жақсылық тіле... Адамгершілік кімде болса, соны ер деп есепте.

*(Ахмед Йүгінеки)*

*3.Өлең кімдікі және не туралы жазылған? «Қызыл кітапқа» енген аң-құстар туралы шағын шығарма жаз.*

Кей қазақ әдет қылған киік атып,
Мүйізін пайда қылып, шетке сатып,
Сандалған бір киікке ұшырастым,
Бір жылы Бетпақ шөлде келе жатып.

*Сөз бергенге ерме, Бөз бергенге ер. Сөз — бейнет болар, Бөз — көйлек болар.*

## 32. ЕКПІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

*1.Төмендегі мәтінді екпін түрлеріне талда.*

Ел ішіндегі ауыр хал мен өкілдерінің озбырлығын айтып, Жетек шешен Әбілқайыр ханға бір рет барды. Бірақ хан сөзге құлақ аспай елдің тұрмысын жеңілдету қамын ойламады. Осыған ренжіген Жетес рулы елімен бергі көп момынға қарай көшіп кетеді.

Әйтседе көш кеш шығып қалып, мөлшерлі жерге, көп момынға жете алмай, қыс түсіп кетіп, жолда қыстап қалады.

*(«Шешендік сөздер»)*

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

*2. Мөңке би Сырымға үш сұрақ қойыпты, сұраққа жауап беріп көр.*

Таудан биік не бар?
Судан терең не бар?
Оттан өткір не бар?

*(«Шешендік сөздер»)*

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

*3. Отан туралы екі шумақ өлең шығар.*

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

## 33. СӨЗЖАСАМ

*1.Күрделі сөзден тұрақты тіркестердің айырмашылығын айт және мысал келтір.*

***Үлгі:*** *Ала қарға, көк бауыр. (Күрделі сөз)*
*Көзі ашылды, жүрек жұтқан (Тұрақты тіркес)*

*2. Әз Жәнібек ханға жауап бер.*

Ноғайлының ханы Әз Жәнібек халықты жинап:
- Үш арсыз, үш ғайып, үш жетім болады, соны кім табады? - депті.

*(«Шешендік сөздер»)*

*3. «Менің анам» деген тақырыпта ойтолғау жаз.*

*Сөйлей білмеген кісіден үре білген ит артық.*

## 34. СӨЗЖАСАМ

*1.Тұрақты тіркестер жаз және оның мағынасын түсіндір.*

*2.Мәтінді сөздің жасалуына қарай талда.*

Көшпелі сахаралықтың ішіп-жері де, киінері де малмен табылады, жанның тыныштығынан гөрі оған мал қымбат... Оның малды қалай қастерлейтінін, бала-шағадан бұрын осы мал амандығын сұрауының өзі-ақ парақ-парақ қып жазған түсіндірмелерден де артық дәлелдейді... Сәлемдесу дәстүрі халықтың сипатының бір белгісі сияқты. *(Ш.Уәлиханов)*

*3.Жемқорлыққа байланысты не айтар едің? «Есебін тапқан екі асайды» деген тақырыпқа ойтолғау жаз.*